

Педагогикалық психологияның пәні мен міндеттері

Педагогикалық психология пәні, мақсат-міндеттері

Педагогикалық психологияның құрылымы

Педагогикалық психологияның қалыптасу кезеңдері

Педагогикалық психология ұғымы зерттеушілердің пікірлері бойынша ғылыми айналымға 1877 жылы орыс педагогы П.Ф.Каптеревтің (1849-1922) «Педагогикалық психология» атты кітабы жарық көрген соң енгізілген.

Педагогикалық психология – оқыту мен тәрбиелеу барысында солардың болмысының даму заңдылықтарын зерттейтін, танымдық қызметі мен қоғамдық қасиеттерін жүйелейтін психология ғылымының саласы.

«*Педагогикалық психология* жалпы психологияның заңдылықтарын, баланың оқу – тәрбие ісінде психикасын түсінуге тікелей әкеліп қана қоймай, оқушының психикасын оқу әрекеті үстінде зерттеп, оның ерекшеліктерін, заңдылықтарын өзінше бөлек мақсат деп есептейді» (Л.С.Выготский).

«*Педагогикалық психология* білімді, іскерлікті, дағдыны меңгеру заңдылықтарын, осы процестердегі жеке даралық өзгешеліктерді, оқушылардың өз бетімен шығармашылық ойлауын қалыптастыру заңдылықтарын, бала психикасында оқыту мен тәрбиелеу әсерінен пайда болатын өзгерістерді зерттейді» (В.А.Крутецкий).

«*Педагогикалық психология* оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық заңдылықтарын зерттейді» (А.В.Петровский).

«*Педагогикалық психология* белгілі даму кезеңдеріне сәйкес қоғамда қалыптасқан іс-әрекет тәсілдерін меңгеру заңдылықтарын зерттейді. Сонымен қатар ол үйрету процесі мен даму процесі арасында байланыс орнатып, қандай жағдайда үйрету даму мүмкіндіктерін тудыратындығын анықтайды» (Т.В.Габай).

«Педагогикалық психология оқыту мен тәрбиелеу жағдайындағы адамның даму заңдылықтарын зерттейді» (Л.И.Божович).

«Әлеуметтік – мәдени тәжірибені адам тарапынан игеру фактілері, механизмдері, заңдылықтары және осыдан туындаған оқу әрекеті субъектісі ретінде адамның интеллектуалдық және жеке тұлғалық даму деңгейіндегі өзгерістерді меңгеру, білім беру процесінің әр түрлі жағдайда ұйымдастарылуы педагогикалық психологияның пәні болып табылады» (И. А.Зимняя).

«Педагогикалық психологияның пәні – білім алушы, тәрбиеленуші сондай-ақ, осы оқыту мен тәрбие процестерін ұйымдастырушылар (педагог, тәрбиеші) тарапынан оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық заңдылықтарын зерттеу» (И.Логвинов, С.Сарычев,А.Силаков).

«Педагогикалық психология балалар психикасының оқу – тәрбие жұмысындағы өзіндік ерекшеліктерін зерттеп, мектеп тәжірибесінің дамуына үлес қосып отырады. Педагогикалық психология сабақ үстінде оқу материалдарын балалар қалай ұғынады, не тәрбие жұмысында үлкендердің тілін алып, тәртіп сақтауға қалай көнеді, міне осымен шұғылданады.Осыған орай педагогикалық психология бұл мәселелермен айналыса отырып, өзінің ізденетін объектісін мынадай үш түрге бөледі: оқыту психологиясына, тәрбие психологиясына және ұстаздық психологияға» (М.М.Мұқанов).

Педагогикалық психология тәрбие мен оқытудың психологиялық заңдылықтарын зерттейтіндіктен осы *ұғымдарға* тоқтала кетейік. Тәрбие мен оқытуға әр тұрғыда түсінік берілгенімен олар педагогикалық әрекеттің бір – бірімен тығыз байланысқан екі жағы. Ақиқатта тәрбие мен оқыту үнемі бірге жүзеге асырылады, сондықтан оларды бір-бірінен ажырату да мүмкін емес. Баланы тәрбиелей отырып, біз оны бірдеңеге үйретеміз, оқытамыз, оқыта отырып тәрбиелейміз. Әйтсе де, мақсаттары, мазмұндары, әдістері және т.б әр түрлі болғандықтан болар осы процестер педагогикалық психологияда жеке – дара оқытылады. Мәселен, *оқыту әдістері* адамның әлемді, материалдық мәдениетті қабылдауымен түсінуіне негізделсе, *тәрбие әдістері* – адамның адамды, адам моралын, рухани мәдениетті қабылдауы мен түсінуіне негізделген.

Тәрбие көбінекей адамдардың өзара іс-әрекеттері арқылы жүзеге асады да дүниеге көзқарасты, мотивацияның және жеке тұлғаның мінезін дамытуды, сондай – ақ оның қасиет – сапалары мен адами қылықтарын қалыптастыруды көздейді. Оқыту пәндік теориялық және практикалық іс-әрекеттің әр түрлері арқылы жүзеге асырыла отырылып, баланың интеллектуалдық және когнитивті дамуына бағытталған.

Педагогикалық психологияның зерттейтін мәселелері:

Оқыту мен тәрбиелеудің өзара байланысы мәселесі;

Дамудағы сензитивтік кезең мәселелері;

Балалар дарындылығы мәселесі;

Бала дамуының жүйелік сипаты және педагогикалық ықпал етудің кешенділігі мәселесі;

Баланы педагогикалық қараусыз қалдыру мәселесі;

Балаларды мектептегі оқуға даярлау мәселесі;

Оқытуды жекелендіру (индивидуалдандыру) мәселесі;

Психологиялық – педагогикалық диагностика мәселесі;

Мұғалім мен тәрбиешіні психологиялық – педагогикалық даярлау мәселесі;

Әлеуметтік адаптация және әлеуметтік реабилитация мәселелері және т.б.

- *Жас ерекшелігі психологиясы - психология ғылымының саласы. Оның зерттейтін пәні - адам психикасының жас ерекшелігі динамикасы, даму үстіндегі адамның психикалық процестері мен психологиялық қасиеттерінің онтогенезі. Балалар психологиясы, төменгі сынып оқушыларының психологиясы, жеткіншектер психологиясы, жасөспірімдер психологиясы, ересек адам психологиясы, геронтопсихология жас ерекшелік психологиясының тармақтары болып есептеледі. Жас ерекшелік психологиясы психикалық Жас ерекшеліктерін, білімді процестердің жасқа лайық мүмкіндіктерін, жеке адамның дамуының жетекші факторларын т.б зерттейді. Жас ерекшелік психологиясы педагогикалық психологиямен ажырамастай тығыз байланыста.*

- *Жас ерекшелігі психологиясы – адам психикасының дамуын және оны тұрғысынан әртүрлі кезеңдердегі ерекшеліктерін зерттейтін психология саласы.*
- *Оның зерттейтін пәні – адам психикасының жас ерекшелігі динамикасы, даму үстіндегі адамның психикалық процестері мен психологиялық қасиеттерінің онтогенезі.*
- *Жас ерекшелігі психологиясы психикалық процестердің жас ерекшеліктерін, білімді меңгерудің лайық мүмкіндіктерін, жек адамның дамуының жетекші факторларын е зерттейді. т.б.*

Жас ерекшелігі психологиясының негізгі ұғымдары:

- *Жас – адам дамуының кезеңі организм мен тұлға қалыптасуының тән сипаты заңдылықтарының жиынтығымен сипатталады.*
- *Жаңарыстар (жетістіктер) – нақты кезеңдегі мүмкіндіктерінің алғашқы және осы жастағылардың басқалардың ерекшелінуіндегі жеке бастың және психологиялық процестердің сапалық өзгерісі.*
- *Әлеуметтік даму жағдайлары - әр кезеңдегі психикалық дамуға әсер ететін сыртқы жағдайлар.*
- *Дағдарыс – бір кезеңнен екінші кезеңге секірмелі түрде өтуі.*
- *Жетекші іс-әрекет – белгілі бір кезеңдегі адамның психикалық дамуының сипатын анықтайтын іс-әрекет.*

● Жас ерекшелігі психологиясының міндеттері:

- балалардың дербес ерекшеліктерін қарастыру;
- психикалық дамуды жас кезеңдерге бөлу;
- психологиялық диагностикалық әдістерді жаңарту;
- Жас ұғымның психологиялық ерекшеліктерін, жас даму заңдылықтарын мен механизмдерін зерттеу;
- жас ерекшелік психологиясының жалпы және жеке әдістер мен танысу;
- Кәсіби, сараптап ойлауды, байқағыштықты, зейінділікті дамыту.

- Жас ерекшелігі психологиясының баса байланысы: анатомия, физиология, ғылымдармен психология. философия,
- Жалпы психология – барлық психологиялық ғылымдардың теориялық негізі. Жалпы психология – психика дамуының жалпы заңдылықтарын, оны зерттеу әдістерін, теориялық принциптерін, оның ғылыми ұғымдарының қалыптасу жүйесін зерттейді.
- Анатомия және физиология – баланың дене құрылысының әр жасқа қарай нығайып өсуін, органдардың атқаратын қызметін, әр жаста түрліше өзгерістерге ұшырау себептерін көрсетеді.
- Философия – ғылымдардың әдіснамалық негізі. барлық Философия барлық ғылымдар ескеретін ортақ заңдылықтарды ашады.

Жас ерекшелік психологиясы педагогикалық психологиямен тығыз байланысты. Педагогикалық психологияның пәні - оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық заңдылықтарын зерттеу. Педагогикалық және даму психологиясының бір тұтастығы зерттелу объектісі і- бала, жеткіншек, жасөспірім ортақтығымен түсіндіріледі. Олар егер жас ерекшелігіне сай даму динамикасы тұрғысында зерттелсе, даму психологиясының зерттелу объектілері, ал егер педагогтың мақсаттылықтары қарастырылса, педагогикалық психологияның объектілері болып табылады. Мектепке дейінгі балалар психологиясы, төменгі сынып оқушылар психологиясы, жеткіншектер, жасөспірімдер психологиясы – даму психологиясының бөлімдері, ал оқыту психологиясы, тәрбиелеу психологиясы, мұғалімдер психологиясы - педагогикалық психологиясының бөлімдері болып табылады.

Жас шағына тән ерекшеліктерді анықтайтын жағдайлардың жиынтығына баланың дене дамуының түрлі жақтарының (мысалы, сәбилік шақтағы белгілі морфологиялық құрылымдардың жетілуі, жеткіншек шақтағы организм өзгерістерінің ерекшелігі т.б.) ерекшеліктері де енеді.

Жас ерекшеліктерін анықтайтын сыртқы жағдайлар балаға тікелей әсер етпейді. Ортаның қайсыбір элементтерінің қандай да бір бұрын дамыған қандай да бір психологиялық қасиеттер арқылы өтетініне байланысты әр балаға объективті түрліше әсер етеді. Осы сыртқы және ішкі жағдайлардың жиынтығы жастың өзіне тән ерекшеліктерін анықтайды да, ал олардың арасындағы қарым-қатынас өзгерісі келесі жас кезеңдеріне көшудің қажеттілігі мен ерекшеліктеріне сабақтас келеді.

Педагогикалық психологияның міндеттері:

Оқу – тәрбие процесінде білім алушылардың интеллектуалдық және жеке тұлғалық даму заңдылықтары мен психологиялық ерекшеліктерін зерттеу, анықтау;

Білім алушылардың әлеуметтік – мәдени тәжірибені, оның құрылымын меңгеру механизмдері мен заңдылықтарын анықтау, өзіндік санасында сақтау;

Оқыту мен тәрбиелік әсер ету форма, әдістерінің білім алушының интеллектуалдық және жеке тұлғалық даму деңгейлері арасындағы байланысына әсерін анықтау;

Білім алушылардың оқу әрекетін ұйымдастыру мен басқару ерекшеліктерін және осы процестердің интеллектуалдық, жеке тұлғалық дамуы мен іс-әрекеттің психологиялық негізін зерттеу;

Дамыта оқытудың фактілерін, заңдылықтарын, механизмдерін анықтау;

Білімді меңгеру, заңдылықтарын, шарттарын, критерийлерін (өлшем), осылар негізінде іс-әрекеттің құрамын анықтау;

Меңгерудің диагностикалық деңгейі мен сапасының психологиялық негізін анықтау және білім беру стандартына сәйкестендіру.

Педагогикалық психология принциптері:

Детерминизм принципі;

Сана мен іс-әрекеттің бірлігі принципі;

Жеке тұлғаның дамуы принципі және т.б.

Педагогикалық психология құрылымы:

Оқыту психологиясы;

Қолданылған әдебиеттер:

Столяренко Л.Д. Педагогическая психология для студентов вузов. Ростов-на-Дону, 2004

Айсмантас Б.Б. Педагогическая психология. Схемы и тесты. Москва, ВЛАДОС, 2002

Крутецкий В.А. Основы педагогической психологии. М., 1972

Курс общей, возрастной и педагогической психологии. Вып. 3/Под ред. М.В. Гамезо. М. 1982. Гл. XX

Талызина Н.Ф. Педагогическая психология. М., 1998.

Выготский Л.С. Педагогическая психология.

Сламбекова Т.С. Педагогикалық психология. Оқу құралы. Семей, 2008